

Аграрлық нарық проблемалары

ТЕОРЕТИҚАЛЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№ 2
СӘУІР - МАУСЫМ

Проблемы агрорынка

ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ И НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 2
АПРЕЛЬ - ИЮНЬ

Problems of AgriMarket

THEORETICAL AND SCIENTIFIC-PRACTICAL JOURNAL

№ 2
APRIL - JUNE

АЛМАТЫ
2020

МАЗМҰНЫ

Аграрлық саясат: іс жүзіне асыру механизмі

Ғ.Ү. Өкімбаева, А.Б. Баймуханов, Ұ.Р. Қасқабаев Астықтың және оны қайта өңдеу өнімдерінің өзіндік құнын төмендету: салалық және аймақтық ерекшеліктері	11
О.В. Мишулина, Н.С. Горелова, Н.А. Баранова Маржалық талдау негізінде аграрлық өндірістің экономикалық нәтижелілігін бағалау	17
Л.Қ. Кайдарова, Ш.Ж. Рахметуллина, Ж.Е. Есильбаева АӨК кәсіпорындарын дағдарысқа қарсы басқару	24
А.М. Алшынбай, М.У. Дуйсемалиева, А.Б. Отарбаева Аграрлық секторда инновацияларды енгізудің шетелдік тәжірибесі.....	33
Д.Н. Шайкин, Ж.Ж. Омаров, Д.О. Әбутәліп Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеніндегі инвестициялық ортаның қалыптасуын статистикалық бағалау.....	40
С.Т. Жұмашева, А. Мұханова, Ж.Б. Смағұлова Цифрландыру Қазақстан аграрлық өндірісінің инновациялық әлеуетінің негізі ретінде	45
Р.Қ. Конуспаев, Т.Ж. Демесінов, Т.А. Таипов Қазақстан Республикасының АӨК-дегі аутсорсингтік қатынастар	53
Ж.С. Булхаирова, Г.Н. Сулейменова, А.А. Орынбасарова Органикалық ауыл шаруашылығы: Қазақстандағы шындық пен перспективалар	60
А.И. Сабирова Қазақстан Республикасының әртүрлі табиғи-ауыл шаруашылық аймақтарында ауылдық аумақтарды ұйымдастыру әдістері.....	66
Г.Ж. Азретбергенова, А.О. Сыздықова, Б.Б. Бимендеев Қазақстан өңірлеріндегі аграрлық сектордың экономикалық тиімділігін арттыру	75
А.К. Тусаева, Б.Ж. Утеев, А.С. Нургожаев Қазақстан Республикасы Алматы облысының ауыл шаруашылығы өндірісіндегі цифрлық технологиялар	82
Б.Ш. Сыздықов, А.Қ. Шәріпов, А.Б. Әбілқасым Қазақстанның Түркістан облысы агроөнеркәсіптік кешенінің бәсекеге қабілеттілігі	89
А.А. Ниязбаева, А.Қ. Отешова Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысындағы аграрлық өнім өндірісінің даму үрдістері	99
Г.А. Жадигерова, С.С. Ахметова, Н.К. Саркулова Зияткерлік меншік аудитін ұйымдастыру	106

Шаруашылық жүргізудің экономикалық механизмі

Қ.Т. Аленова, Б.С. Утибаев, Д.Т. Ахметова Қазақстанның Ақмола облысы "Ақтық" Агрофирмасы" АҚ мысалында ауыл шаруашылығы кәсіпорнын басқару.....	112
Е.Е. Гриднева, Г.Ш. Қалиақпарова, Н.М. Калманова Қазақстан Республикасындағы мал шаруашылығын дамыту: мәселелері және оларды шешу жолдары.....	119

Азық-түлік өнімдері рыногы

Г.К. Джолдасбаева, Л.М. Есахметова Астық өңдеу кәсіпорындары өнімінің экспорты	126
Ш.И. Каркинбаева, К.А. Кирдасинова, К.К. Байгабулова Еуропа елдеріндегі тағам өнеркәсібі: қазіргі жағдайы мен болашағы	133

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ:
МӘСЕЛелЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

РАЗВИТИЕ ЖИВОТНОВОДСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН:
ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

DEVELOPMENT OF LIVESTOCK PRODUCTION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
PROBLEMS AND SOLUTIONS

Е.Е. ГРИДНЕВА*

э.ғ.к., профессор

Г.Ш. ҚАЛИАҚПАРОВА

PhD докторы, доцент

Н.М. КАЛМАНОВА

Экономика және бизнес магистрі

«Қайнар» академиясы, Алматы, Қазақстан

elengred@mail.ru

Е.Е. ГРИДНЕВА

к.э.н., профессор

Г.Ш. КАЛИАҚПАРОВА

доктор PhD, доцент

Н.М. КАЛМАНОВА

магистр экономика и бизнеса

Академия «Қайнар», Алматы, Казахстан

Y.E. GRIDNEVA

C.E.Sc, Professor

G.SH. KALIAKPAROVA

PhD, Associated Professor

N.M. KALMANOVA

Master of Economics and Business

Academy "Kainar", Almaty, Kazakhstan

Аңдатпа. Мал шаруашылығы саласының, олардың ішінде мал азықтық базасы, ұсақ тауарлар, ауыл шаруашылығы өнімдері сапасының төмендігі, ветеринарлық және санитарлық нормалардың сақталмауы сияқты мәселелермен ІҚМ өндірушілер қақтығысатын негізгі мәселелері қарастырылған. Ет өңдеу кәсіпорындарының рөлі және ауыл шаруашылығы шикізаты мен азық-түліктің ұлттық және әлемдік нарықтарына қатысу үшін олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру көрсетілген. Мал басының төмен өнімділігінің негізгі себептері асыл тұқымды малдардың аздығы, күтіп-бағудың қанағаттанғысыз жағдайлары, азықтандырудың төмендігі, азықтың жоғары сатып алу құны болып табылатыны анықталды. Селекцияны жетілдіру, жоғары сапалы ет және сүт өнімдерін алу үшін жемшөп тапшылығын жою бойынша шаралар белгіленді. Республикада ет өндірісін дамытудың қазіргі заманғы деңгейі инновациялық технологияларды тарта отырып, кластерлер жүйесіндегі жаңа құрылымдар санының өсуіне ықпал ететін мал шаруашылығы кешені өнімінің барлық түрлерін, атап айтқанда бастапқы және қайталама шикізатты, сондай-ақ дайын тауарларды тиімді пайдалану проблемасын шешудің жаңа тәсілдерін талап ететіні анықталды. Соңғы екі жылда ет және ет өнімдерінің экспорты мен импортына салыстырмалы талдау жүргізілді, сондай-ақ мал шаруашылығы саласындағы өнімдерді өндіруші басқа елдермен салыстырғанда саланың қарқынды үрдістері талданды. Теориялық және практикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша қорытындылар жасалып, ұсыныстар әзірленді.

Аннотация. Рассмотрены основные проблемы отрасли животноводства, с которыми сталкиваются производители КРС, среди них - слабая кормовая база, мелкотоварность, низкое качество сельхозпродукции, несоблюдение ветеринарных и санитарных норм. Показана

лығының дамуына, оның бәсекеге қабілеттілігіне, ішкі нарықты өніммен қамтамасыз етуге және экспорттық әлеуеттің дамуына келесідей факторлар кедергі келтіреді: өнімділіктің және асыл тұқымды ірі қара мал санының төмен болуы, жемшөппен қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі, оларды ұстап-күту жағдайы төмендігі, ірі қара малдың ұсақ жеке меншік иелерінде шоғырлануы, ет өнімдерінің көлеңкелі нарығы және «шаруалық мал сою», ветеринарлық қызметтің қанағаттанарлықсыз болуы.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеудің мақсаты – ет және ет өнімдерін өткізу нарықтарын зерттеу, ішкі нарықты қамтамасыз ету, экспорттық әлеуетті бағалау және оны арттыру факторларын анықтау. Зерттеудің нақты мақсатына сүйене отырып, келесідей міндеттер қойылды: Қазақстандағы мал шаруашылығы өнімдерін экспорттаудың қазіргі жағдайын қарастыру, оның қазіргі даму бағытына талдау жасау; отандық өнімнің экспорттық әлеуетіне кедергі болатын мәселелерді анықтау, отандық ет өнімдерінің бәсекелестік артықшылықтарын анықтау; жоғары сапалы, экологиялық таза тамақ өнімі ретінде Қазақстандағы мал шаруашылығының әлеуеттік мүмкіндіктерін ашу. Тақырыптың жаңалығы – отандық ет нарығының халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінің жаңа мүмкіндіктерін зерттеу, ет және ет өнімдерінің экспорттық әлеуетін жоғарылатудың кейбір мәселелерін шешу және етті ірі қара малды экспортқа жеткізудің негізгі бағыттарын айқындау.

Отандық мал шаруашылығының экспорттық әлеуеті мүмкіндіктерін зерттеу кезінде келесідей экономикалық зерттеу әдістер қолданылды: үлгілеу әдісі – ауыл шаруашылығының басым саласының бірі ретінде мал шаруашылығын дамытудың үлгісі ұсынылды, статистикалық әдістер – ұсынылған статистикалық мәліметтер көмегімен саланың дамуы мен келешегіне талдау жүргізілді, ел аймақтарының деректерін талдауда экономикалық-математикалық әдіс, қорытындылар жасау кезінде эксперименттік және басқа әдістер қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ел экономикасында мал шаруашылығы саланың барлық ауыл шаруашылық өнімдерінің 45%-ын құрайтын жетекші ауыл шаруашылық секторы болып қала береді. Еліміздің мал шаруашылығы кешені ішкі нарықты және ет экспортын едәуір ұлғайтуды қамтамасыз ету үшін барлық табиғи және экономикалық жағдайларға ие.

Республикада мал шаруашылығы өнімдерінің экспортын ұлғайту үшін үлкен ішкі резервтің болғанына қарамастан, сиыр мен қой етіне деген ішкі қажеттіліктермен Қазақстанның өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі әлсіз.

2019 жылы 156 мың бас ірі қара мал экспортталды. Етті негізгі сатып алушы – Өзбекстан. Өткен жылы оның сатып алу көлемі 121,6 мың ірі қара мал басын құрады, бұл барлық жылдық жеткізілімнің 78%-ын құрайды. Өзбекстан ұсақ мал сатып алады. 264 мыңға жуық қой, оның жартысынан көбісі төлдейтін мал, 200 мыңнан астам қой (76%) көрші елге экспортталды.

Етті сатып алатын ірі сатып алушының бірі Армения болып табылады, 2019 жылы жеткізілім 14% құрады. РФ 21,5 мың мал басын сатып алды (8,1%), Әзербайжан – 18 мың (6,7%), Иран – 12 мыңға жуық (4,5%) [1].

Малды жаппай экспорттаудың теріс салдары ет пен ет өнімдері бағасының өсуі болды, бұл өз кезегінде қазақстандық ет өңдеу кәсіпорындары мен бордақылау алаңдарының жүктемесінің төмендеуіне әкелді. 2019 жылы олар орташа өз қуаттарының жартысынан азын жүктеді.

Қазақстандағы ірі ет өндіретін, белгілі бір қиындықтарды көріп отырған кәсіпорындар «KazBeef LTD», ТОО «Кублей», «Казмяспродукт», «Бижан», «Импаер фуд», «Beefstream», «Мерке-ет», «Meat Processing and Service» және т.б. болып табылады. Бұл кәсіпорындардың әрі қарай дамуының негізгі мәселелері келесілер болып табылады [2]:

■ өңдеуге арналған шикізат пен айналым қаражаттарының тапшылығы, кәсіпорындардың жұмыс жүктемесінің жеткіліксіздігі, мал экспортының деңгейінің жоғары болу нәтижесінде ол 30-40% құрап отыр;

■ «шаруалық мал сою». Мал сою үйде, аулада жүргізіледі. Оның жүзеге асырылуы еш жерде тіркелмейді, статистика жүргізілмейді, өйткені етті ұсақ алыпсатарларға немесе көршілерге, таныстарға және т.б. сатуға болады. Сәйкесінше, ешқандай салық туралы айту мүмкін емес. Бұлайша мал сою мен сату санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді сақтамай жүзеге асырылуы мүмкін және басқа жағымсыз салдары болуы мүмкін.

Саланы дамытуға жыл сайын шамамен 116 миллиард теңге бөлінеді, оның ішінде асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға 60 миллиард теңге, мал шаруашылығы өнім өндірісін дамытуға 56 миллиард теңге

бөлінеді. Соған қарамастан, саланың негізгі мәселесі шикізат ресурстарының тапшылығы болып табылады [3].

Қазақстан Республикасының Аграрлық өнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен өңделген өнім экспортын 2,5 есеге арттыру міндеті қойылғандығын айта кету қажет.

Ет және ет өнімдерін экспорттау жоспары орындалмай отыр. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің

мәліметінше, 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда төрттен бір бөлікке артық экспортталды, сыртқы нарыққа 22,6 мың тонна ет жеткізілді, ал жоғары деңгейдегі қайта өңдеу өнімдері – шұжықтар, ет консервілері, ысталған ет және басқа өнімдер – барлығы 3,4 мың тоннаны құрады. Салыстыратын болсақ: дәл осы кезеңде Қазақстанға ет импорты бірден 203,2 мың тоннаны, ет өнімдері – 49,1 мың тоннаны құрады (1 кесте).

1 кесте – 2018-2019 жж. ет және ет өнімдерінің экспорты мен импорты (тонна)

Мал шаруашлығы өнімі	2018		2019	
	Экспорт	Импорт	Экспорт	Импорт
ІҚМ еті, балғын және салқындатылған	3659,3	2049,6	1608,6	9900,6
ІҚМ еті,мұздатылған	1051,7	13129,9	3962,4	15922,4
Шошқа	433,1	2008,8	793,6	1681,8
Қой және ешкі	3046,4	93,4	2503,5	26,1
Жылқы, қашыр, есек немесе қарта қашыр еті	0,7	2421,2	-	2553,3
Ет және үй тауығының тағамдық сорпалық өнімдері	8557,8	191752,5	13721,7	173148,4
Еттің барлығы	16749,0	211455,4	22589,8	203232,5
Ет өнімдерінің барлығы	4144,8	40960,8	3422,7	49130,4
Ет және ет өнімдерінің барлығы	20893,8	252416,2	26012,5	252362,9

Ескерту: [4] ақпараттың негізінде құрастырылған.

Қазақстанға 2018-2019 жылдары шындығында, экспортқа қарағанда 9 есе көп ет және 15 есе көп ет өнімдері әкелінді. Осылайша, бұл секторда экспортқа дайын өнімнің орнына шикізат жіберу үрдісі байқалады.

Қазақстанда тірі салмақ киллограммына есеппен, малды бордақылау мен өндіру шығындары салыстырмалы түрде арзан (2 кесте).

2 кесте – Малды бордақылау мен өндіру шығындары (тірі салмақ киллограммына есеппен АҚШ долл.)

Елдер	Шығындар	
	Өндіріс	Бордақылау
Қазақстан	0,7	1,43
Украина	1,1	1,58
Ресей	3,7	1,59
Қытай	3,8	3,3
Аргентина	1,5	2,0
Австралия	1,6	2,0
Бразилия	2,0	2,5

Ескерту: [5] ақпараттың негізінде құрастырылған.

Сиыр етін өндіретін елдермен салыстырғанда, Қазақстанның ішкі нарығындағы сиыр етінің бағасы төмен және орташа бір килограмы 5,1 долларды құрайды. Сонымен қатар Ресей және Бразилияда баға төмен. Ресейде сиыр етінің әртараптан-дырылған өндірісі жоқ, оларда өндіріс тігінен интеграцияланған, жоғарыда барлық өндірістік шығындар мен үдерістерді арзан

етіп отыратын ірі бордақылау алаңдары бар. Бразилияда бұл өндіріс көлемі үлкен, мұнда ет нарығы толы. Сиыр етінің орташа бағасы бір килограмм үшін 4-4,2\$ құрайды.

Еуропалық Одақ елдерінде, Австрия мен Аргентинада, АҚШ пен Канадада, сондай-ақ Қытайда сиыр етінің бір килосының бағасы орташа есеппен 5,2 доллардан 8,5 долларға дейін құрайды.

Қазақстанда қой өсіру әлем елдері арасында бәсекеге қабілетті, шығын көрсеткіші – тірі салмақтың әр килограммы үшін 1,4 долларды құрайды. Біздің елге бәсекелес ел – бұл Жаңа Зеландия, мұнда бұл көрсеткіш килограмға 1,5 долларды құрайды. Австрияда әр килограмм 2,3 долларға түседі, олар жоғары сапалы қозыны өсіру мен бордақылауға мамандандырылған. Испания, Франция және Ирландия сияқты елдер орта есеппен алғанда қой өсіруге бір килограммына 3,5-5 доллар шығын жұмсайды. Еуропа елдерінің ішінде Испаниядағы қой мен қозы етінің ең қымбаты – бір килограммы үшін 6 және 7,8 долларды құрайды [қараңыз 5].

Мемлекеттік қолдау шараларына қарамастан, мал шаруашылығына қатысты мәселелер шешілмей қалуда. Саланың дамуын тежейтін негізгі себептер жемшөп өндіру мәселесі болып табылады. Қазақстанның аумағы үлкен болуына және аграрлық өнеркәсіптік кешенді дамыту үшін қолайлы климаттық жағдайдың болуына қарамастан, мал шаруашылығы бөлігінде мал жаюға қолайлы алаңдардың жеткіліксіздігі байқалады.

Бәсекеге қабілетті, экологиялық таза мал шаруашылығы өнімдерін шығаруға мүмкіндік беретін табиғи жайылымдарда жыл бойы мал жаю қиын. Мал жаю көктем мен жазда жүзеге асырылады, жылдың басқа кезеңдерінде малға жемшөп қажет. Жайылымдық жерлердің 60%-ында су қоймалары жоқ, бұл оларды жайылымда пайдалану мүмкіндігін төмендетеді. Сонымен қатар, қыста және көктемде мал бордақылау мақсатында жемшөп дақылдарын өсіруге арналған егістік жерлердің саны жеткіліксіз. Егістік алқаптары көбінесе майлы дақылдар мен жемшөп дақылдарын өсіру үшін пайдаланылады. Жемшөпті дайындау технологиясындағы, сонымен бірге оларды сақтау және дайындама жасау кезіндегі бұзылыстарға байланысты жемшөп сапасы төмен болатындығын айта кету қажет [6].

Қазақстанда жайылымның әр гектарына сиыр етінің өндірісі 5 кг-нан төмен болып келеді, ал бұл көрсеткіш Уругвайда – 45 кг, Жаңа Зеландияда – 60 кг, Канадада – 80 кг құрайды. Австралияда жайылымның қайтарымы шамамен 10 кг құрайды. Сиыр еті өндірісінің өсімі жайылымдық жерлерді пайдалану тиімділігі артқан жағдайда мүмкін болады. Бүгінгі таңда отандық жайылымдардың өнімділігін арттырудың дәстүрлі әдістері: олардағы жүктеме нормасын реттеу, суару және жайылымдардың ай-

налуын енгізу, сақтандыру резервтерінің қорын құрумен қатар, отандық ауыл шаруашылық ғалымдары негізгі критерий ретінде өнімділік пен жайылымдық жемшөп сапасы қолданылатын жайылымдық жерлерге кешенді бағалау жүргізудің инновациялық әдістемесін ұсынады.

Келесі мәселе – өнімділігі жоғары мал басының аздығы, мал шаруашылығы өнімдерін өңдеудің жоғары технологиялары мен техникаларының болмауы, оларды ұстап-күту жағдайының нашар болуы.

Мал шаруашылығы саласы қалдықсыз, сондықтан мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерін кешенді ұтымды пайдалану мәселесіне түбегейлі жаңа көзқарастар қажет, бұл шикізат пен дайын өнімді өндіруде жаңа бағыттардың дамуына ықпал ететін (ет өңдеу кәсіпорындарында сүйектерді өңдеудің ресурс үнемдейтін технологияларын енгізу мүмкіндігі, мүйізді, тұяқты, жүнді ақуызды мал азығын өндіру үшін ресурстар көзі ретінде пайдалану; қанды өнеркәсіптік өңдеудің балама әдістері) қайталама шикізатты қайта өңдеуге қатысты [7].

Мал шаруашылығы саласын дамыту үшін халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және заманауи цифрлық компьютерлік технологияларды қолдануға негізделген инновациялық жобаларды – биржаларды республиканың аймақтарында (Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстанда) дамыту маңызды рөл атқаруы керек. Біздің пікірімізше, бұл биржалар ет пен ет өнімдерін сатып алу мен сатуға нарықтың барлық қатысушыларын, сондай-ақ малды бордақылау және өсірумен айналысатын мамандандырылған фермаларды қамтитын болады, бұл қолайлы бизнес серіктестігін құрып, шағын және орта мал фермаларының ірі фермалармен бәсекелесуіне мүмкіндік береді.

Аймақтарда биржалар құрудың оң нәтижесі келесілерден тұрады: үй шаруашылығында жоспардан тыс мал союдың қысқаруы; бордақылау кешендері мен ет комбинаттарының ауыл шаруашылығындағы малдарды осы жерде шоғырландырып, малды ірі партиялармен алып кету мүмкіндігіне ие болады [8].

Қазақстан Республикасы ел халқын ауыл шаруашылық өнімдерімен толық қамтамасыз ете алады, ол үшін барлық мүмкіндіктер мен жағдайлар бар. Халықтың сатып алу қабілеті сатылатын тағамның экономикалық қолжетімділігімен шектелген. Үкімет дағдарысқа қарсы саясат аясында

бағаларды ұстап тұру үшін түрлі шаралар қабылдауда.

Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту үшін келесідей шаралар қажет.

Жоғары оқу орындарымен ғылым, ҒЗИ және мал шаруашылығын дамытумен айналысатын кәсіпорындармен серіктестік орнату облысында:

- жоғары оқу орындары, ҒЗИ мен өндіріс арасындағы қатынастарға бағытталған, қажетті мәліметтермен интеграцияланған ақпараттық жүйені құру;

- асыл тұқымды мал шаруашылығын – асылдандыру орталықтарын қалпына келтіру;

- мал шаруашылығының қайталама шикізатын әрі қарай тәжірибеде пайдалануды жүзеге асыру және зерттеулерді дамыту;

- аймақ бойынша жемшөп өндірудің және өңдеудің инновациялық технологияларын және оларды әр түрлі ауыл шаруашылық жануарларына қолдану модельдерін әзірлеу;

- экологиялық таза өнім алу технологияларын, жергілікті дәстүрлер мен мәдениетті сақтау, сондай-ақ аға буыннан мұра болып қалған оң тәжірибелерді пайдалану.

Ресурстық қамтамасыз ету облысында:

- ◆ жоғары кәсіби және өнімділігі жоғары еңбекті пайдалану;

- ◆ фермалар мен мал шаруашылығы кешендерінде материалды-техникалық базаны жаңартуға қолдау көрсету;

- ◆ мал шаруашылығымен айналысатын өндірушілерге кеңес жүргізу облысында маркетингтік саясатты кеңейту.

Отандық ет және ет өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қажет:

- халықаралық нарықтарда өнімді жылжытуды және тиімді басқаруды маркетингтік қамтамасыз ету: логистика және баға ұсынысы, толыққанды жарнамалық компания, премиалды сегменттегі алдыңғы қатарлы маркетингтік стратегия;

- ірі бордақылау алаңдарында алдыңғы қатарлы инновациялық технологияларды енгізу негізінде ет өнімділігін арттыру;

- бәсекеге қабілетті аймақтық мал шаруашылығы кластерін құру.

Тұжырымдар.

Мал шаруашылығы саласының даму тиімділігін және отандық мал шаруашылығының экспорттық әлеуетін арттыру үшін келесідей бағыттар қажет:

1. Сала өнімдерін экспорттаушыларды, ең алдымен, әлемдік нарыққа шығару, оларды сертифициттау, ветеринарлық қау-

іпсіздік шараларын күшейту, логистикалық шығындарды азайту тұрғысынан мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіру.

2. Ақпараттық, кеңес беру, құқықтық, маркетингтік және басқа қолдауды, оның ішінде экспорттық операцияларды қолдауды көрсететін халықаралық ұйым мәртебесі бар ұлттық экспорттық орталық құру [9].

3. Келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін мал және басқа да мал шаруашылығы өнімдерінің биржасын құру: малды бордақылау және сою орындарына тасымалдаумен байланысты логистикалық мәселелер және өз ресурстарын ұтымды пайдалана отырып, мал базарына тауар өндірушілердің қолжетімділігі және көлік шығындарының қысқаруы; мал шаруашылығы өнімдерін стандарттауға қойылатын талаптардың қатаюы; биржаның барлық контрагенттерінің өзара байланысының нығаюы, сонымен қатар тауар таратушылар арасында кірісті әділ бөлудің орындалуы; мал және мал шаруашылығы өнімдеріне әділ баға белгіленеді, бұл өнімнің сапасын арттырады және бағасын төмендетеді.

4. Мал шаруашылығын дамытуда кадрлық мәселелерді шешу: саланы дамытудың жаңа әдістері мен технологияларына қызығушылық білдіретін сауатты бәсекеге қабілетті мамандар қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Казахстан – крупнейший импортер мяса (2020) [Электронный ресурс] URL: <http://www.yvision.kz/post/850325> (дата обращения: 20.02.2020).

2 МСХ РК: вопросы переработчиков мяса не останутся без внимания (2020) [Электронный ресурс] URL: <http://www.moa.gov.kz/ru/post/673> (дата обращения: 20.02.2020).

3 Кенжегулова, А. Нарациваем мясо. (2020). [Электронный ресурс] URL: <http://www.kazpravda.kz> (дата обращения: 20.02.2020).

4 Экспорт и импорт Республики Казахстан по мясу и мясопродуктам. Статистические показатели (2020). [Электронный ресурс] URL: <http://www.moa.gov.kz/ru/post/673> (дата обращения: 20.02.2020).

5 Зачем Всемирный банк даст Казахстану \$500 млн (2018). [Электронный ресурс] URL: <http://kapital.kz/economic/72800/zachem-vsemirnyy-bank-dast-kazakhstanu-500-mln.html> (дата обращения: 25.03.2020).

6 Шуленбаева, Ф.А. Проблемы и перспективы развития отрасли животноводства / Ф.А. Шуленбаева, С.Т. Окутаева, К.М. Маденова // Проблемы агрорынка. - 2018. - №2. - С. 159-160.

7 Конурбаева, Ж.Т. Международная практика использования вторичного сырья в отрасли животноводства / Ж.Т. Конурбаева, О.К. Денисова, А.М. Закимова // Проблемы агрорынка. - 2019. - №2. - С. 138-145.

8 Шукуров, А.К. Создание биржи скота и ее влияние на развитие животноводства в западном регионе Казахстана / А.К. Шукуров, Б.М. Шукурова // Проблемы агрорынка. - 2018. - №2. - С. 162-168.

9 Шукуров, А.К. Оценка и перспективы экспортного потенциала продукции животноводства республики Казахстан / А.К. Шукуров, Б.М. Шукурова // Проблемы агрорынка. - 2019. - №4. - С. 40-46.

References

1 Kazakhstan is the largest meat importers (2020) [Electronic resource] URL: <http://www.yvision.kz/post/850325> (date of access: 02.20.2020).

2 Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan: issues of meat processors will not be left without attention (2020) [Electronic resource] URL: <http://www.moa.gov.kz/ru/post/673> (date of access: 02.20.2020).

3 Kenzhegulova, A. We grow to meat. (2020). [Electronic resource] URL: <http://www.kazpravda.kz> (date of access: 02.20.2020).

4 Export and import of the Republic of Kazakhstan on meat and meat products. Statistical

indicators (2020) [Electronic resource] URL: <http://www.moa.gov.kz/ru/post/673> (date of access: 02.20.2020).

5 Why the World Bank providing Kazakhstan \$ 500 million (2018) [Electronic resource] URL: <http://www.kapital.kz/economic/72800/zachem-vsemirnyy-bank-dast-kazakhstanu-500-mln.html> (date of access 25.03.2020).

6 Shulenbaeva, F.A. Problems and prospects of livestock sector development / F.A. Shulenbaeva, S.T. Okutaev, K.M. Madenova // Problems of AgriMarket. - 2018. - No. 2. - P. 159-160.

7 Konurbaev, J.T. International practice of using secondary raw materials in the livestock industry/ J.T. Konurbaev, O.K. Denisova, A.M. Zakimova // Problems of AgriMarket. - 2019. - No. 2. - P. 138-145.

8 Shukurov, A.K. Establishment of livestock exchange and its impact on the livestock development in the western region of Kazakhstan / A.K. Shukurov, B.M. Shukurova // Problems of AgriMarket. - 2018. - No. 2. - P. 162-168.

9 Shukurov, A.K. Assessment and prospects of the livestock products export potential of the Republic of Kazakhstan / A.K. Shukurov, B.M. Shukurova // Problems of AgriMarket. - 2019. - No. 4. - P. 40-46.